

Амангелді ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 315 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 125 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Амангелді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Амангелді ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 23 қарашадағы №315 "Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3927 болып тіркелген, 2012 жылғы 21 желтоқсанында "Аманкелді арайы" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж.Таукенов